



Автор: КЕЛДЕБЕКОВА БАГИЛА МАМИРОВНА

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика


Сынып: 3- сынып




Бөлім: Әлемнің барлығы Ғаламторда (ортақ тақырып: «Танымал тұлғалар»)

Тақырып: Ғаламтордағы қауіпсіздік

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.3.1.1 нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернеттің іздеу жүйелерін қолдану. желіде ақпарат алмасу жолдарын түсіндіру 3.3.3.1 Интернет желісіндегі қажетсіз байланыстың қауіпін түсіну.	3.3.2.1
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар... • белгілі бір сұрақтарға жауап табу үшін интернет іздеу жүйелерін пайдаланады; • сөйлемдерді теру және өңдеу үшін мәтіндік редакторды пайдаланады; • Интернет желісінен тәуекелдерге мысал келтіреді.	
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика және терминалогия: - Ғаламтор, вирус, браузер, веб-парақша, сілтеме, жеке мәлімет. Диалог/жазуға арналған пайдалы сөз тіркестер: - Интернеттің пайдалы және зиянды жақтары бар, себебі...	
Күтілетін нәтиже:	Ғаламторды қолданады. Ғаламтордың пайдалы және пайдасыз жақтарын біледі.	
Бағалау критерийлері:	• ақпаратты іздестіруді іздеу жүйесін пайдалану арқылы түсіндіру; • мәтіндік редакторде сөйлем жиынтығын орындау; • Интернеттегі тәуекелдердің негізгі түсінігін көрсету, түсіндіру.	
Құндылықтарды дарыту:	Топта жұмыс істей білу, сыныптастардың жауаптарын тыңдау, объективті бағалау, этика нормаларын сақтау қабілеті арқылы бір-біріне құрметпен қарау.	
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта қолдану Ғаламтор қолдану.	
Пәнаралық байланыс:	Атақты тұлғалар. Орыс тілі – мультфильм қараған кезде	
Бастапқы білім:	Аралас құжатпен жұмыс	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (3 минут 7 минут)	Ұйымдастыру кезені. Сыныптағы оқушылардың қатысуын тексеру. Бір-біріне жылылық сыйлау арқылы амандасып психологиялық ахуал тудыру. Оқушылар 10 секунд арасында қол арқылы амандасып шығу қажет. «Жазу, жүгіру» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау. ҚБ: «Бесбармақ» әдісі арқылы бағалау. Дискриптор: -аралас құжатты жасауды біледі. -аралас құжатты сақтап және аша алады.	Оқулық 3 сынып Арман-ПВ 2018 ж. 

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>Сабақтың ортасы (10 минут 10 минут)</p>	<p>Жаңа тақырып. Сабақ тақырыбы мен мақсатын анықтау. <i>Миға шабуыл: (Суреттер берілген)</i> - Слайдта қандай негізгі сөз жасырылған? Оқушылар негізгі сөзді анықтайды.</p> <p>Жауабы: Желідегі қауіпсіздік.</p> <p>Интернет арқылы жұмыс жасаған кезде қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Талқыланатын сұрақтар ұсыныңыз: - Ғаламтор деген не? Ол қашан пайда болды? - Ғаламторды қосу үшін қандай құрылғы қажет? - Ғаламтордың негізгі қосымшасы? - Браузерлер дегеніміз не? - Ғаламтордың пайдалы және пайдасыз жақтарын кім біледі? - Ғаламторда қанша уақыт отыруға болады? - Ғаламторда отырғанда қандай ережелерді білу қажет? - Вирус дегеніміз не?</p> <p>«Дұрыс - бұрыс» ойынын өткізу. Ауызша жауап.</p> <p>Интернет туралы деректер экран бетінде көрсетіледі.</p> <p>а) Интернеттің көмегімен белгілі тұлғалар және тағы басқада ақпаратты таба аласыз.</p> <p>б) Интернет балаларға қауіп төндірмейді.</p> <p>с) Файлды жүктеген кезде, вирусымды компьютерге жүктей аламын.</p> <p>Жауаптары: а) (дұрыс); в) (бұрыс); д) (дұрыс);</p> <p><i>Сергіту сәті.</i></p> <p>Орнымыздан тұрамыз, Қос бүйірді сығамыз. Оңға, солға бұрылып, Бір айналып шығамыз. Бір,екі, үш, төрт, бес Қолды қолға ұрамыз.</p> <p>Тапсырма жауаптарын дәптерге жазу.</p> <p>1.Тапсырма</p> <p>а)Интернетте балалар қанша уақыт отыра алады? б)Интернет арқылы жұмыс жасағанда орындалатын екі ережені жазыңыз.</p> <p>2.Тапсырма.</p> <p>-Интернет желісінде жұмыс жасаған кезде қандай ақпаратты жарияламау керек?</p> <p>-Әлеуметтік желіде бір бейтаныс адам сізді аулаға кездесуге шақырды. Осындай жағдайда не істеу керек?</p> <p>-Интернетте балалар қанша уақыт отыра алады? Қалыптастырушы бағалау.</p> <p>Компьютерлік программалардың түрін анықтаңыз. 1 2 3</p> <p>Мұғалімнің бағалауы. Смайликтермен.</p>	<p>Оқулық 3 сынып Арман-ПВ 2018 ж.</p> <p>Интерактивті тақта</p> <p>Компьютер</p> <p>Презентация</p> 
<p>Сабақтың соңы (5 минут)</p>	<p>Үйге тапсырма. Оқу және үйде орындайық тапсырмасын дәптерге орындау.</p>	<p>Оқулық 3 сынып Арман-ПВ 2018 ж.</p>
<p>Рефлексия (5 минут)</p>	<p>Рефлексия.</p> <p>Маған бәрі түсінікті Келесі сабақта күш салуым керек</p>  	<p>ауызша айту</p>